КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 3 қараша № 1013-23-00-2/1829 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Байкумбаева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Әйгерім Нұрланқызы Қасымбек жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер Әйгерім Нұрланқызы Қасымбек жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Әйгерім Нұрланқызы Қасымбек жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Рахимова Гулзира Канатбековна дара кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың бес жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.С. Байкумбаева**

Көшірмесі дұрыс,
Судья **А.С. Байкумбаева**

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 06.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.01.2024, судья Байкумбаева А. С., 06.01.2024

1013-23-3-1/1975